

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 20 қыркүйектегі N 293 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кредиттері, несиелері және депозиттері бойынша сыйақы (мүдде) есептеу ережесіне өзгерістер

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасы 2000 жылғы 9 қазан N 378 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 22 қараша N 1293 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 56 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.06.25 № 56 (қабылданған күнінен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 20 қыркүйектегі N 293 V990954_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кредиттері, несиелері және депозиттері бойынша сыйақы (мүдде) есептеу ережесіне өзгерістер бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне е н г і з і л с і н .

2. Монетарлық операциялар департаменті (Әлжанов Б.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кредиттері, несиелері және депозиттері бойынша сыйақы (мүдде) есептеу ережесіне өзгерістерді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркелген күннен бастап екі апталық мерзім өткеннен кейін осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кредиттері, несиелері және депозиттері бойынша сыйақы (мүдде) есептеу ережесіне өзгерістерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және филиалдарына жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 9 қазан N 378
қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 20 қыркүйектегі N 293 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кредиттері,
несиелері және депозиттері бойынша сыйақы (мүдде)
есептеу ережесіне өзгерістер

1. Ереженің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік заемдары, заемдары және депозиттері бойынша сыйақы есептеу ережесі".

2. Ереженің бүкіл мәтіні бойынша:

1) "кредит", "кредиттің", "кредитті", "кредиттердің", "кредиттері" деген сөздер тиісінше "банктік заем", "банктік заемның", "банктік заемды" "банктік заемдардың", "банктік заемдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "кредиттеу" деген сөз "заем беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) "несие", "несиенің", "несиеге", "несиені", "несиemen", "несиелерге", "несиелерді" деген сөздер тиісінше "заем", "заемның", "заемға", "заемды", "заеммен", "заемдарға" "заемдарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) "(мүдде)", "(мүддені)", "(мүддеден)" деген сөздер алынып тасталсын.

3. Ереженің 5-тармағындағы "кредит, несие" деген сөздер "банктік заем шарты, заем шарты" деген сөздермен және 7-тармағындағы "Кредит, несие"

деген сөздер "банктік заем шартын, заем шартын" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Ереженің 6-тармағындағы "кредит, несие немесе депозит шартында"

деген сөздер "банктік заем шартында, заем шартында, депозит шартында" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. Ереженің 10-тармағындағы "кредит шартында" деген сөздер "банктік заем шартында" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. Ереженің 16-тармағындағы "несие берешегінің", "несие берешегіне" деген сөздер тиісінше "заем бойынша берешектің", "заем бойынша берешекке" деген сөздермен ауыстырылсын.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.
Қасымбеков Б.А.